

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТІ
№4 МӘЖІЛІС ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20.06.2025 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:

АК төрағасы: Ильясова Г.Т.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар: декан: Нускабаева Г.О., 3-4 курс координаторы: Назарова Л.К., оқу ісі жөніндегі декан орынбасары: Татыкаева У.Б., ғылым және тәрбие жөніндегі декан орынбасары: Ырысбай С.Ә., кафедра меңгерушілері: Алимбекова Л.Т., Жунусов М.С., Садыкова К.Ж., Бабаева К.С., Куандыкова Р.К., Тулешова Э.Ж., Айболова Г.Қ., Нұрдинов Н.С., атқарушы хатшы: Джаякбаева Д.С., хатшы: Алдабергенова Ш.А.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері Генчер З.М., «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.І., «Turan dent» тіс емханасының бас дәрігері Сиздинов М.М.

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Шайхаттарова У., 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Султанбаева Ю., 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Әбдіхат Ә., 6B10176 – «Медицина» БББ студенті Исаева Д.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін және есеп дайындау.
2. Сәуір-маусым айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Ильясова Г.Т.: Баршаңызға қайырлы күн, әріптестер! Бүгінгі АК мәжілісінің күн тәртібімен таныстырып өтейін. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін және есеп дайындау, қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен сауалнама нәтижелерін талдау, «Атамекен» білім беру бағдарламалары рейтингісінің қортындысы бойынша сараптама жүргізу және сәуір-маусым айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау сұрақтары қаралады.

1. АК төрағасы:

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру туралы бірінші мәселе бойынша Медицина және Стоматология білім беру бағдарламаларының сапасын

сыртқы қамтамасыз ету - білім беру сапасын арттырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл процесс білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін, оқыту сапасын және түлектердің кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сапаның сыртқы қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі мамандандырылған аккредиттеу болып табылады. Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау үшін тәуелсіз аккредиттеу агенттіктері жүргізетін сыртқы сараптама маңызды рөл атқарады. Мысалы, былтырғы оқу жылы 6B10155, 6B10188, 7M10131, 8D10110 - Медицина ББ, 7M10144, 8D10111 - Қоғамдық денсаулық сақтау, биылғы оқу жылы 6B10156, 6B10189 – Стоматология ББ білім сапасын қамтамсыздандыру бойынша тәуелсіз (IQAA) агенттігінің сыртқы сараптама комиссиясының бағалауынан өтті. Бұл бағалау барысында оқу бағдарламаларының мазмұны, оқытушылардың біліктілігі, материалдық-техникалық база және түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері талданды. Бұл сұраққа қазір екінші мәселе кезінде толығырақ тоқтаймыз.

6B101 - Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша яғни, аккредиттелген және аккредиттелетін ББ қатысты сапаның сыртқы қамтамасыз ету процестерінің нәтижелері туралы негізгі деректер беремін.

ББ атауы	Мерзімі
6B10155, 6B10188 - Медицина	2024ж.30.03.-2029ж.29.03.
6B10156, 6B10189 - Стоматология	2020-2025
7M10131 - Медицина	2024ж.30.03.-2029ж.29.03.
7M10144 - Қоғамдық денсаулық сақтау	2024ж.30.03.-2029ж.29.03.
8D10110 - Медицина	2024ж.30.03.-2029ж.29.03.
8D10111 - Қоғамдық денсаулық сақтау	2022ж.28.05.-2027ж.27.05.

Сапаны сыртқы қамтамасыз етуді ұйымдастыру маңызды шараларының бірі мониторинг және бағалау. Мұнда сыртқы сараптама нәтижелерінің орындалуын бақылау және бағалау жүргізіледі, бұл білім беру сапасын тұрақты түрде жақсартуға мүмкіндік береді. Осы сұраққа байланысты қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен сауалнама нәтижелерін талдауды жіктегім келіп отыр.

Денсаулық сақтау даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілермен үнемі байланыс жүргізіледі, семинарлар, жиналыстарда БББ оқыту нәтижелері, білімгерлердің құзыреттері, практикалық дағдыларды меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар талданып, БББ ға енгізіліп отырылады.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың нәтижелері бойынша БББ ға, оқыту және бағалау әдістеріне, ОПКға талаптарға өзгерістер енгізіледі.

Жұмыс берушілермен БББ дайындалу барысында бітірушінің құзыреттері талқыланады және БББ бекітуге рецензия ретінде пікір алынады. Білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің және басқа да қызығушы тараптардың сауалнамалар жүргізілген нәтижелері кафедра мәжілісінде талқыланды. Сауалнамада алынған жауаптар, ұсыныстар жаңа білім беру бағдарламасын дайындау барысында ескеріледі. Денсаулық сақтау даярлау бағыты БББ бойынша жұмыс берушілерге арналған сауалнама жүргізу төмендегідей үлгіде берілді.

Сауалнама: «Денсаулық сақтау даярлау бағыты БББ түлектерін бағалау»

1. Жалпы ақпарат

1. Сіздің атыңыз бен лауазымыңыз.
2. Ұйым атауы (мекеме/бөлім).
3. Сіз осы жоғары оқу орнынан түлектерді қанша уақыт бойы жұмысқа қабылдайсыз?

- 0–1 жыл
- 1–3 жыл
- 3–5 жыл
- 5+ жыл

2. Кәсіби дайындық

Ликерт бағалау шкаласы (Мүлде келіспеймін – Толық келісемін)

4. Бағдарлама түлектері:
- Клиникалық жағдайларды диагностикалау және емдеу дағдыларына ие.
 - Пациенттермен адал және этикалық қарым-қатынас орната алады.
 - Командада жұмыс істей алады және басқалармен тиімді үйлесім табады.
 - Күрделі жағдайларда кәсіби шешім қабылдайды.
 - Уақытты және ресурстарды тиімді пайдаланады.

3. Құзыреттілік пен бейімделу

5. Түлектер жаңа ортаға қаншалықты тез бейімделеді? (Өте тез – Қиындық көреді)
6. Ең әлсіз үш құзыреттілік қайсы? (*бейімделу, коммуникация, практика, т.б.*)

4. Оқу мазмұнының сапасы

7. Қай пәндер, білім беру модульдері түлектерді практикалық тұрғыдан жетілдіруге жақсы ықпал етті?
8. Қандай пәндер мазмұн-бағдарламасын күшейту қажет деп санайсыз?

5. Түлектің кәсіби қасиеттері

9. Түлектердің жауапкершілігі мен сенімділігі туралы қалай ойлайсыз? (Өте жоғары – Төмен)
10. Ұсынылатын кәсіби қасиеттер (ашық сұрақ):
- Клиент/пациентке деген қайырымдылық
 - Уақытты сақтау мен ұйымшылдық
 - Этикалық мінез-құлық

6. OSCE және емтихандарға дайындық

11. Сіз OSCE-ға (Objective Structured Clinical Examination) түлектер нақты дайындалады деп есептейсіз бе?
12. Мемлекеттік немесе кәсіби емтихандарға қажетті дайындық деңгейін қалай бағалайсыз? (Жақсы – Жеткіліксіз)

7. Жұмыс орынындағы тәжірибе

13. Сіз түлектерді жұмысқа алуға ұсынасыз ба?
- Әрқашан
 - Көп жағдайда
 - Кейде
 - Ұсынып көрмеймін
14. Осы жоғары оқу орнынан түлектердің басты артықшылығы мен кемшілігін атаңыз.

8. Жалпы бағалау және ұсыныстар

15. Жалпы бағалауыңызды көрсетіңіз: 1 (Өте нашар) – 5 (Өте жақсы).
16. Бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстар беріңіз.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа қызынушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	6B10188 -Медицина БББ	6B10189-Стоматология БББ
Жұмыс берушілердің ББ-на	5/5	5/4,9
Оқытушы студенттер көзімен	5/4,89	5/4,54

Бұл сауалнама түлектердің даярлық сапасын, еңбек нарығына сәйкестігін және оқу бағдарламасын жетілдіруге қажетті ұсыныстарды анықтау мақсатында қолданылады. Жұмыс берушілер магистратура түлектерін кәсіптік даярлық деңгейі бойынша басқа жоғары оқу орындарының түлектерінен ерекше жоғары деңгейде бағалайды. Сонымен бірге өндірістік практикалардың тәжірибеге бағдарланған пәндердің, кәсіптік шет тілін меңгеруге және жалпы салалық ерекшеліктерді білуге арналған сабақтарды ұлғайту қажеттілігін атап өткен.

Жұмыс берушілердің еңбек қызметінде қажетті түлектерінің дағдылары мен құзыреттерін дамыту деңгейі туралы оң пікірлерімен қатар, түлектердің стандартты емес жағдайларда тез әрекет ету қабілетін дамыту, сондай-ақ жалпы мәдениет деңгейін арттыру, жазбаша іскерлік құзыреттілігін дамыту қажеттілігі туралы ұсыныстар берген.

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2023	2024	2025
6B10155, 6B10188 - Медицина	93%	92%	91%
6B10156, 6B10189 - Стоматология	65%	74%	50%
7M10131 - Медицина	100%	100%	100%
7M10144 - Қоғамдық денсаулық сақтау	100%	100%	100%
8D10110 - Медицина	100%	100%	100%
8D10111 - Қоғамдық денсаулық сақтау	100%	100%	100%

Соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен)

ББ атауы	2023	2024	2025
6B10155, 6B10188 - Медицина	7/10	6/9	7/9
6B10156, 6B10189 - Стоматология	7/9	6/8	8/8

Қорытындылай келе, Денсаулық сақтау даярлау бағыты білім беру бағдарламаларының сапасын сыртқы қамтамасыз ету - білім беру сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Бұл процесс оқу бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін, оқытушылардың біліктілігін, материалдық-техникалық базаның сапасын және түлектердің кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сыртқы сараптама мен аккредиттеу рәсімдері білім беру сапасын тұрақты түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

1.ШЕШІМ: Денсаулық сақтау бағыты бойынша Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру тұрақты түрде жалғастырылсын, нәтижелері талданып,

ұсыныстар оқу үдерісін жетілдіру кезінде ескерілсін және жылдық есеп нәтижелері назарға алынсын.

2. Аккредитация есептерін даярлау.

АК төрағасы Г.Т.Ильясова: Биылғы оқу жылында 6B10156-6B10189 Стоматология білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеу мерзімі аяқталуына байланысты 2024-2025 оқу жылында аккредиттелуге ұсынылған болатын. 6B10156-6B10189 Стоматология білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеу мерзімі сәуір немесе мамыр айына жоспарланғандықтан бұл мәселені қарау осы айдың күн тәртібіне ауыстырылған болатын. Бұл мәселе бойынша сөзді Стоматология факультеті оқу ісі жөніндегі декан орынбасары У.Б.Татыкаеваға ұсынамын.

У.Б.Татыкаева: Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агентігімен (БСҚТА) 6B10156-6B10189 Стоматология білім беру бағдарламасы 2025 жылдың 20-21 сәуір күндері Бағдарламалық аккредиттеу процедурасы жүзеге асырылды. Есепті әзірлеудің әр кезеңі үшін нақты мерзімдері бар икемді кесте құрылды. Сондай-ақ, әрбір кезеңнің орындалуын бақылау тетігін және қажет болған жағдайда қосымша ресурстарды тарту қарастырылды.

Аккредиттеу қорытындысы бойынша ескертулер болмады, ұсыныстар берілді:

- Қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып ақпараттарды электронды басқаруды енгізу;
- Ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша ОПҚ-ның мақала жариялау белсенділігін арттыру;
- Келетін білімгерлердің ұтқырлығын арттыру;
- Рейтингісі жоғары басылымдарда негізгі пәндер бойынша ОПҚ-ның мақала жариялау белсенділігін арттыру;
- Стоматология бойынша симуляциялық кабинеттерді қазіргі заманғы жоғары технологиялық тренажерлар мен симуляторлармен материалды-техникалық қамтамасыз етуді күшейту;
- Ақпараттарды нәтижелі басқару мақсатында электронды құжат айналымын енгізу;

Аккредиттеу нәтижесі бойынша 5 жылға сертификатталды.

2.ШЕШІМ: 6B10156-6B10189 - Стоматология білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеу ұсыныстары назарға алынсын.

Академиялық комитет төрағасы

Хатшы:



Ильясова Г.Т.

Алдабергенова Ш.А.